

“ҚҰЗЫРЕТТІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСУЫ”

Дайындаған: Аманжолова
Сымбат Анварқызы
01304-топ студенті.

ЖОСПАРЫ:

- **Кіріспе**.....3
- **I Құзыреттілік ұғымының педогогикалық психологиялық негіздері**
- 1.1 Құзыреттілік ұғымы мен құзыреттілік тәсіл туралы түсінік.....5
- 1.2 Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту мәселелері.....10
- 1.3 Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі нәтижеге бағытталған білім беру негізі.....13
- **II Биология сабағында және сабақтан тыс кезде экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру жолдары**
- 2.1 Биология сабағында құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы.....28
- 2.2 Биологиядан сыныптан тыс жұмыстарда құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі.....37
- 2.3 Ботаника сабағын дамыта оқыта отырып, оқушының құзыреттілігін қалыптастыру.....44
- **III Қорытынды**
- **IV Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- **Тақырыптың өзектілігі:** биология пәні бойынша оқытуда белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру. Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде, табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, күннен-күнге туындап отырған экологиялық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру өзінің көкейкестілігін дәлелдеуде. Ал бұл болса білім беру процесінде балалардың, жасөспірімдер мен жастардың экологиялық тәрбиелілігін дамыту қажеттілігін күн санап арттыра түседі, өйткені қоршаған орта мен адамның денсаулығын сақтау маңызды құндылықтың бірі болып табылады.

- **Ғылыми жаңашылдығы және практикалық маңызы:** мектеп пен жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбие берудегі қоғамның сұранысы мен оның жүйелі түрде зерттелмегені арасында; жастарға қоршаған ортаны аялай білуді сабақтастықта жүргізу қажеттігі мен экологиялық тәрбие сабақтастығын қамтамасыздандыратын бірыңғай тұжырымдаманың және оны жүзеге асыруға байланысты оқу-әдістемелік кешеннің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтың бар екені байқалады.

- **Қазіргі ғылыми мәселелерді шешу:** Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, күннен-күнге туындап отырған экологиялық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру өзінің көкейкестілігін дәлелдеуде. Ал бұл болса білім беру процесінде балалардың, жасөспірімдер мен жастардың экологиялық тәрбиелілігін дамыту қажеттілігін күн санап арттыра түседі, өйткені қоршаған орта мен адамның денсаулығын сақтау маңызды құндылықтың бірі болып табылады.

- **Курстық жұмыстың мақсаты:** биология пәнін заманауи технологиямен оқытуда және оқушыларға сабақтан тыс жұмыстарын жүргізу кезінде оқытудың экологиялық мәселелерін теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздей отырып, экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру.
- **Курстық жұмыстың міндеті:** биология сабағында оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, сабақты табиғатпен байланыстыра отырып, экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру;

- **Курстық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері:**
- зерттеу проблемасы бойынша ғылыми әдебиеттерге, статистикалық мәліметтер мен ғылыми мақалаларға талдау беру, алынған нәтижелерді сұрыптау;
- тиімді оқыту әдістерінің бірі – оқытудың интерактивті әдістерін оқу іс - әрекеттерде пайдалану.
- соңғы жылдардағы заманауи әдістерді қолдана отырып, оқушының экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру;
- Курстық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Қорытынды

- Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың экологиялық білімін қалыптастыру үшін төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:
- биология сабағындағы тәрбиенің құрамдас бөлігінің бірі ретінде экологиялық бағыттарда әртүрлі іс-шаралар (факультатив, үйірме, апталық, олимпиада, дөңгелек үстел, конференциялар т.б) үнемі ұйымдастырылып отырылуы керек;
- жергілікті экологиялық өлкетану жұмыстарында биологиялық материалдарды кеңінен пайдалану қажет;
- оқушылардың экологиялық тәрбиесінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналар мен мұғалімдер үшін арнайы құрастырған семинарлар бағдарламасын пайдалануды қажет етеді;
- өлкетану жұмыстарында биологиядан оқу құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолдану керек;
- жалпы білім беру жүйесінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін экологиялық сыныптар ашу мәселесін көтеруді талап етеді.

- Сонымен, биологиядан оқу процесінде және сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық білімді қалыптастыруға қойылатын талаптар: мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес лайықты материалды іріктеуі; өлкетану материалдарының тақырыптың мазмұнымен үндесуі; туған өлкенің табиғи ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтердің жаратылыстану пәнінің бағдарламасына сәйкестігі; өлкетану материалдарының мазмұнының оқушылардың жалпы даму деңгейлеріне сәйкестігі; олардың танымдық қызығушыларын дамытуға ықпалын тигізуі; өлкетану материалдарының оқушылардың табиғатты қорғауға, байлықтарын тиімді пайдалануға ықпал етуі тиіс.
- Сонымен, тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар барысында байқалған интеллектуалдық, рухани-байлық және сарамандық бөлімдердің қалыптастырылған деңгейінің жоғарыланған оң динамикасын, біз жасаған модульдің жалпы білім беретін бейіндік мектеп жағдайында оқушылардың экологиялық білімдерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары үрдісінің тиімділігі мен маңыздылығының жоғарлауына мүмкіндік береді.

● ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- Цветков Л.А. Общая методика обучения биологии - М., Просвещение. 1982, б.520
- Кирюшкин Д.М, Полосин В.С. Биологияны оқыту методикасы, Алматы, 1984
- Харламов И.Ф.-Активизация учения школьников, - М.,1960, б.452
- Зайцев О.С. Методика обучения биологии, - М., «Владос» ,1999
- Оқу-тәрбие процесіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздері. Монография. ТКО «Зерде» баспасы. –Алматы, 2005, б.181
- Айналаны қоршаған орта. Экология. Әдістемелік нұсқау. –Алматы: Алматыкітап, 2003, б.55
- Окружающий мир. Экология. Методическое пособие. –Алматы: Алматы кітап, 2003, б.55
- Айналаны қоршаған орта. Экология. Хрестоматия. –Алматы: Алматыкітап, 2003, б.35
- Мектептегі білім берудің сапасы: қазіргі жағдайы, даму үрдісі және болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2000, б.160-162
- Экологиялық тәрбие жұмысының сипаты - Білім Образование. 2001, №2, б. 31-33
- Экологиялық тәрбие негізінде баланың рухани жан дүниесін дамыту Білім берудегі менеджмент, 2001, №3, б.117-119
- Қазақстандағы биология және экология ғылымдарының дамуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. –Алматы, 2002, б.89-192
- Әлемдік білім беру кеңістігі жағдайындағы ғылым мен практика интеграциясы. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің 75-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2003, б.237-239
- Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің бағыттары. Ұлт тағылымы. 2003, №2, б.19-21
- Үздіксіз экологиялық тәрбие. Қазақстан мектебі, 2003, №8, б.32-34
- Экологиялық тәрбие технологиясы . Еуразия. Хабаршысы. - Астана, 2005. -№2, б.115-117
- Экологиялық тәрбиені сабақтастықта жүргізу тұжырымдамасы. –Алматы: ТКО «Зерде» баспасы, 2005, б.25
- Педагогикалық инновация негізінде оқушыларға экологиялық білім берудегі мұғалім шеберлігі. - Алматы-Қаз. Мем. Қыз.Пед.Инст. Педагогика сериасы, 2007, б.81-85
- Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығы, Ізденіс. - Алматы, 2007. № 4(2), б.225-229